**Алып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш материалдарды ішкі істер органдарында қабылдау, есепке алу, сақтау және олардың сақталуын қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 150 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 27 наурызда № 10565 тіркелді.

"Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы" 2014 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 25) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Алып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш материалдарды ішкі істер органдарында қабылдау, есепке алу, сақтау және олардың сақталуын қамтамасыз ету қағидалары бекітілсін.

2. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 29.03.2016 № 313 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры Е.З. Тургумбаевқа және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитетінің төрағасына (И.В. Лепеха) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Ішкі істер министрі* *Қ. Қасымов*
*полиция генерал-лейтенанты*

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің

2015 жылғы 24 ақпандағы
№ 150 бұйрығымен
бекітілген

# Алып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған қару, оқ-дәрілер және жарылғыш материалдарды ішкі істер органдарында қабылдау, есепке алу, сақтау және олардың сақталуын қамтамсыз ету қағидалары

## 1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 06.02.2020 № 91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Қағидалар ішкі істер органдарының алып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған қару, оқ-дәрілер және жарылғыш материалдарды қабылдау, есепке алу, сақтау және олардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша жұмыс тәртібін айқындайды.

2. Соттың, прокуратура, қылмыстық қудалау және сот сараптама органдарының қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелерді, құжаттарды алып қою, есепке алу, сақтау, беру және жою тәртібі "Соттың, прокуратура, қылмыстық қудалау және сот сараптамасы органдарының қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелерді, алып қойылған құжаттарды, ұлттық және шетелдік валютадағы ақшаны, есірткіні, психотроптық заттарды алып қою, есепке алу, сақтау, беру және жою қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 09 желтоқсандағы № 1291 қаулысымен белгіленген.

3. Келіп түсетін әкімшілік және азаматтық істер бойынша алынған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш материалдарды (бұдан әрі- қару-жарақ құралдарын) қабылдауды ұйымдастыру үшін, сондай-ақ оларды қабылдау, есепке алу, сақтау тәртібіне бақылауды жүзеге асыру мақсатында облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және көліктегі ( бұдан әрі- ПД, КПД) полиция департаменттері, қалалық, аудандық және желілік ішкі істер органдары бөліністерінде (бұдан әрі - қаладағы желілік органдары) ПД, КПД бастықтарының бұйрықтарымен әкімшілік және азаматтық істер бойынша алынған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш материалдарды қабылдау және бақылау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссиялар (бұдан әрі- комиссия) құрылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 06.02.2020 № 91 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Комиссияның құрамына ПД, КПД әкімшілік және криминалдық полиция

бөліністерінің, тергеу, өзіндік қауіпсіздік, тылдық қамтамасыз ету, жедел криминалистикалық бөліністерінің (бұдан әрі - ЖКб) және ақпараттандыру және байланыс бөлімшелерінің (бұдан әрі – АББ) қызметкерлері кіреді. Осы комиссияларды ПД, КПД бастықтарының орынбасарларының бірі басқарады.

Көрсетілген комиссиялар қару-жарақ заттарын ПД, КПД арттехқару-жарақ (бұдан әрі – АТҚЖ) қоймаларына қабылдауды, сондай-ақ ПД, КПД, қалалық, аудандық, желілік органдарының осы Қағидалардың талаптарын сақтауы бойынша тексерісті жүзеге асырады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 06.02.2020 № 91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. Алып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш материалдарды ішкі істер органдарында қабылдау тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 06.02.2020 № 91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. ҚАЖІІО-да қару-жарақ заттарын қабылдауды Азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылауды (бұдан әрі – АҚҚАБ) жүзеге асыратын қызметкерлер немесе оның міндетін атқаратын қызметкерлер, түнгі және жұмыстан тыс уақытта ішкі істер органдарының жедел кезекшілері жүзеге асырады.

6. Алыстағы елді мекендерде ерікті түрде тапсырылған қару-жарақ заттарын учаскелік полиция инспекторларының одан әрі АҚҚАБ қызметкеріне бере отырып, қабылдауына жол беріледі.

7. Әкімшілік және азаматтық істер бойынша алынған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған сәйкестендіру нөмірі бар қару (бұдан әрі – қару) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Біріктірілген деректер банкінің (бұдан әрі – БДБ) "Криминалдық қару" және "Тіркелген қару" есептері бойынша тексеріледі.

8. БДБ "Криминалдық қару" және "Тіркелген қару" есептерінде тұрмаған қаруға бір тәулік ішінде "Криминалдық қару" ақпараттық-іздеу карточкасы (бұдан әрі – КримҚ-АІК) толтырылады және "Криминалдық қару" деректер банкіне енгізу үшін ААО аумақтық бөлімшесіне ақпарат жолданады.

9. Қаруды тексеруге сұрау салу жіберген қызметкер БДБ "Криминалдық қару" және "Тіркелген қару" есептерімен сәйкестіктер анықталған жағдайда, сәйкестік туралы ақпаратты мәселені көтерген бастамашыға немесе сәйкес келген қарудың тіркелген жері бойынша жолдайды, осы Қағидаларда белгіленген тәртіпте қару АТҚЖ қоймасына беріледі.

10. Ішкі істер органдарында (бұдан әрі – ІІО) тіркелмеген барлық қарулар атуға жарамдылығын және оның үлгісін және түрін анықтау үшін ЖКб жолданады, егер сәйкестендіру нөмірі, маркасы, моделі немесе оларды анықтау мүмкін болмаған ( бейнеленуі анық болмаған) жағдайда қарудың жойылған зауыттық нөмірін, таңбаларын анықтау бойынша криминалистикалық зерттеу жүргізу үшін қару ПД, КПД ЖКБ-ға жолданады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 06.02.2020 № 91 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Криминалистикалық зерттеулер нәтижесінде сәйкестендіру нөмірі, маркасы анықталған жағдайда, қару БДБ "Криминалдық қару" және "Тіркелген қару" есептері бойынша тексеріледі.

Алғашқыда нөмірін дұрыс анықтамағаны белгіленген жағдайда қаруды тексеруге бастамашылық еткен адам алғашқы енгізілген және зерттеуден кейін анықталған деректерді көрсете отырып, қажетті түзетулер енгізу туралы ААО-ға баянат жолдайды.

12. Қарудың нөмірі анықталмаған кезде ЖКБ-де оған (реттік нөмірі, өңірдің коды және нөмірді берген күні көрсетілген) сәйкестендіру нөмірі беріледі.

13. Нөмір тетіктің (ұңғы және ұңғының қорабы, рамасы) көрінетін бөлігіне механикалық әдіспен (соққы, қысым) немесе қуаты жоғары энергия көзін, оның ішінде лазерді қолдана отырып, тереңдігі кемінде 0,2 мм. етіп салынады.

14. Таңбаны аталған әдістермен салуға мүмкін болмаған жағдайда (металдың осалдығы, пластикалық бөлшектер) таңба ою жолымен салынады.

15. Жойылған зауыттық таңбалаудың орнына, сондай-ақ ұңғының негізінен 50 мм аса алшақтықта нөмір салуға жол берілмейді.

16. Нөмір беру туралы ақпарат осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес әкімшілік және азаматтық істер бойынша алынған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған қаруға берілген нөмірлерді есепке алу журналына енгізіледі.

17. Берілген нөмірі көрсетілген криминалистикалық зерттеулердің нәтижелері туралы қорытынды тексерісті тағайындаған бастамашыға жолданады. Тексерудің бастамашысы толтырған КримҚ-АІК-ны ААО-ға жолдау жолымен қару БДБ " Криминалдық қару" есебіне енгізіледі. Егер зерттеу нәтижелерімен сәйкестендіру нөмірінің, маркасының өзгергені анықталған жағдайда, БДБ-ға тиісті түзетулер енгізіледі.

18. БДБ "Криминалдық қару", "Тіркелген қару" есептері бойынша қаруды тексеру, оны ЖКБ-ге жолдау, "Криминалдық қару" деректер банкіне ақпаратты енгізу үшін КримҚ-АІК-ны ААО-ға жолдау және қаруды ресімдеу жұмыстарын оны алып қойған, ерікті тапсырудан қабылдаған, тауып алған ІІО-ның қызметкерлері жүзеге асырады.

19. "Криминалдық қару" және "Тіркелген қару" есептері бойынша тексеруді, ЖКБ-ға жолдау, деректер банкіне ақпаратты енгізу үшін КримҚ-АІК-ны ААО-ға

жолдауды және әкімшілік істері бойынша алып қойған, ерікті тапсырылған, тауып алынған қарулар мен басқа мемлекеттік органдарының қызметкерлері тапсырған қару-жарақ заттарын ресімдеуді АҚҚАБ қызметкері жүзеге асырады.

ІІО-да тіркелген ерікті тапсырылған қаруды тек АҚҚАБ қызметкері қабылдайды.

ІІО-да тіркелген тапсырылған қаруды АТҚЖ қоймасына тапсырғаннан кейін АҚҚАБ қызметкері қаруды қабылдау актісінің нөмірін және датасын көрсете отырып, БДБ-ға ол туралы түзетулер енгізеді, одан кейін қару БДБ есебінен алынады.

ААО қызметкері ай сайын БДБ-ның "Тіркелген қару" есебіне енгізілген түзетулердің растығына салыстыра-тексеру жүргізеді. АТҚЖ қоймасының меңгерушісі ААО-ға қабылдау актілерін ұсынады.

20. Қару-жарақ заттары ресімделген соң, дереу АҚҚАБ қызметкеріне қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш материалдарды сақтауға арналған бөлмедегі АҚҚАБ қызметкерінің жеке мөрімен мөріленетін арнайы металл шкафқа қою үшін тапсырылады.

21. Қару-жарақ заттарына ресімделген құжаттар бір тәулік ішінде тіркеу және одан әрі ІІО-ның басшылығына беру үшін қару-жарақ заттарын алып қойған, ерікті тапсырған, қабылдаған ІІО-ның қызметкерлері ІІО-ның жедел кезекшісіне береді.

22. АҚҚАБ қызметкері қару-жарақ заттарын қабылдау кезінде оған ұсынылған құжаттардағы қару мен оқ-дәрілердің саны, жүйесі, нөмірі, шыққан жылы, сыртқы жай-күйі туралы жазбалардың сәйкестігін тексереді. Құжаттардағы деректер қарудың саны, нөмірі, сондай-ақ оның басқа да белгілері бойынша сәйкес келмеген жағдайда, қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш материалдарды тапсырушы адамның қатысыуымен осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша АҚҚАБ қызметкері қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш материалдарды тексеру, қарау және қабылдау актісін жасайды.

23. АҚҚАБ қызмектері атыс қаруының әрбір бірлігіне және оқ-дәрінің, жарылғыш материалдардың жалпы санына осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес қабылданған қарулар мен оқ-дәрілерге үш данада түбіртек жазады. Түбіртектің бірінші данасы қару-жарақ заттарын тапсырған адамға беріледі, түбіртектің екінші данасы құжаттармен (әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамамен, алып қою хаттамасымен, баянатпен, өтінішпен, адамның не іс қозғалған заңды тұлғанның заңды өкілінің түсіндірмесімен, АҚҚАБ қызметкерінің тексеру туралы баянатымен, КримҚ-АІК-ны) бірге тіркеледі және ішкі істер органының бастығына баяндалады, үшінші данасы (түбіртектің түбершегі) бақылау үшін қалдырылады.

24. ІІО-ның қызметкерлері, жануарлар әлемін және орманды күзетуді жүзеге асыратын мемлекеттік инспекторлар, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да мемлекеттік органдардың қызметкерлері құжаттарды, алынған қару-жарақ заттарын тапсырған кезде мыналарды: әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама, атыс қаруын, оқ-дәріледі, жарылғыш материалдарды алып қою туралы хаттаманы, әкімшілік іс жүргізу туралы іс қозғалған адамның немесе заңды тұлғаның

заңды өкілінің түсініктемесін; осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес атыс қаруын, оқ-дәрілерді, жарылғыш материалдарды тауып алғаны, ерікті түрде тапсырғаны туралы ішкі істер органы қызметкерінің баянатын, оған осы заттарды ерікті түрде тапсырған немесе тауып алған адамның өтініші, КримҚ-АІК қоса беріледі, АҚҚАБ қызметкерінің атыс қаруын, оқ-дәрілерді, жарылғыш материалдарды тексеру, қарау және қабылдау актісін, қару мен оқ-дәріледі қабылдау туралы АҚҚАБ қызметкері жазған түбіртекті, қару-жарақ заттарын ерікті түрде тапсырған кезде – азаматтардың атыс қаруын, оқ-дәрілерді, жарылғыш материалдарды ерікті түрде тапсырғаны немесе тауып алғаны туралы өтінішін ұсынады.

25. Алып қою хаттамасында: оны толтыру орны және датасы, хаттаманы толтырған тұлғаның лауазымы, атағы, тегі, аты-жөні; алып қою негізі, алып қойылған қарудың, жарылғыш материалдардың түрі, саны, маркасы, моделі, калибрі, сериясы мен нөмірі, нақты жөндеуге келмейтін ақаулары (ұңғы ішіндегі шытынаулар, бөлшектерінің тот басулары, ұңғылардағы қабыршақтар және т. б.); рұқсаттың нөмірі, кім берген және жарамдылық мерзімі (егер қару тіркелген болса) көрсетіледі.

26. Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш материалдарды алып қою фактісі, куәгерлердің тегін, аты-жөнін және турған жерін көрсете отырып, қолдарымен куәландырылады. Алып қою хаттамасына оны толтырған адам, сондай–ақ қарудың, оқ дәрілердің иесі қол қояды, оған хаттаманың көшірмесі тапсырылады. Егер адам хаттамаға қол қоюдан бас тартса, онда хаттамада ол туралы жазылады.

27. Құқық бұзушылық жасаған адам хаттаманың мазмұны бойынша хаттамаға қосымша түсініктеме және ескертулер ұсынуға, сондай-ақ оған қол қоюдан бас тарту себептерін жазуға құқылы.

28. АҚҚАБ қызметкері қару-жарақ заттарының ресімделуін тексерген соң, қабылданған қаруды және оқ-дәрілерді, жарылғыш материалдарды, қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш материалдарды сақтауға арналған бөлмеге орналастырады, арнайы металл шкафқа жауып, жеке металл мөрмен мөрлейді. Бұл шкафтың кілтінің бір данасы ұдайы АҚҚАБ қызметкерінде болады, екінші данасы – ІІО жедел кезекшісінде мөрленген сауытта сақталады.

29. Қарудың әр бірлігіне осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алып қойылған, тауып алған, ерікті түрде тапсырылған қаруға бирка тағылады, ал оқ-дәрілер тығыны бар ыдысқа салынады, ыдысқа Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес алынып қойылған, ерікті түрде тапсырылған оқ-дәрілердің тізбесі салынады.

30. Кезекшілікті өткізу кезінде металл шкаф тізбеге сәйкес қару бөлмесінің қалған мүліктерімен бірге өткізіледі.

31. Жедел кезекші қару-жарақ заттарын түнгі және жұмыстан тыс уақытта қабылдаған кезде металл шкаф комиссиялық түрде, ІІО-ның басшылық құрамының жауапты тұлғасының және жедел-тергеу тобының жауапты тұлғасының қатысуымен ашылады, қару-жарақ заттарын металл шкафқа орналастырғаннан кейін, ашқаны

туралы еркін түрдегі акт толтырылады, актіге орналастырылған қару-жарақ заттарының саны, олардың техникалық жай-күйі, сондай-ақ металл шкафта бұрын тұрған қару-жарақ заттары көрсетіледі, актіге қатысушылар қол қояды, ал шкаф жедел кезекшінің жеке мөрімен мөріленеді.

32. Металл шкафты жедел кезекші ашқан жағдайда, кезекшілікті тапсырар алдында металл шкаф АҚҚАБ қызметкеріне өткізіледі, өткізілгеннен кейін АҚҚАБ қызметкерінің жеке мөрімен мөріленеді.

Кезекшілік ауысу кезінде металл шкаф АҚҚАБ қызметкерінің жеке мөрімен мөрленген күйінде тапсырылады.

33. Сот шешімі бойынша тәркіленген қару мемлекет меншігіне түседі.

34. Бұрын конструктивтік өзгеріске ұшыраған, сондай-ақ "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес оның айналымына тыйым салынған қару немесе ақауы бойынша одан әрі пайдалануға жарамсыз қару осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес, сондай-ақ маманның шешіміне сәйкес сату кезінде құнды және өтімді болып табылмайтын қару мемлекет меншігіне берілмейді және комиссияның шешімі бойынша жойылады.

35. Конструктивтік өзгертілгенін, одан әрі пайдалануға жарамдылығын қарудың атуға жарамдылығын және ақаусыздығын айқындау жөніндегі комиссия криминалистикалық зерттеу қорытындысы негізінде айқындайды.

36. Қару сататын мамандандырылған дүкенге бергенге дейін қаруды сақтау және бағалау қойма меңгерушісінің қатысуымен АТҚЖ қоймасында жүргізіледі.

37. Осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша комиссиялық сатуға жолдама беруді және қаруды мамандандырылған дүкенге дейін тасымалдауды АҚҚАБ қызметкері қамтамасыз етеді.

38. Заттай дәлелдеме болып табылатын тәркіленген қаруды тасымалдауды сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын және істі сотқа жолдайтын қызметкер жүзеге асырады.

39. Қару-жарақ заттарының барлығы 10 тәулік ішінде АТҚЖ қоймасына беріледі, шалғай аудандардың (200 км-нен астам) ІІО-да қаруды 20 тәулікке дейін сақтауға жол беріледі.

40. Қару мен оқ-дәрілерді тәркілеумен немесе өтемді алып қоюмен байланысты емес шешім қабылданған кезде қару мен оқ-дәрі 10 күндік мерзім ішінде осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтау шарттарын (олар бар болған жағдайда) бұзушылықтар жойылғаннан кейін және заңнамада белгіленген тәртіппен айыппұл төленгеннен кейін иесіне қару мен оқ-дәрілерді алғаны туралы қолхатпен қайтарылады.

41. Егер әкімшілік іс жүргізу материалдары бойынша 10 тәулік ішінде шешім қабылданбаған жағдайда, осы Қағидалардың 43-тармағында көрсетілген мерзімнің өтуі

бойынша қару мен оқ-дәрілер АТҚЖ қоймасына уақытша сақтауға беріледі.

42. Ерікті түрде тапсырылған қаруды ЖКБ(б)-ның сұрау салуы бойынша анықтамалық коллекцияларын құру, толықтыру, алмастыру және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ІІМ) ПД, КПД мұражайларында экспонаттау үшін беруге жол беріледі.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 06.02.2020 № 91 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. Қару мен оқ-дәрілерді АТҚЖ қоймасына, қару сататын мамандандырылған дүкенге жолдауды, иесіне қайтаруды осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаруды оқ-дәрілерді беруге комиссиялық сатуға арналған жолдамалардың және ІІО бастығы қол қоятын, шығыс хат-хабарлар журналында тіркелетін және ІІО-ның елтаңбалы мөрімен бекітілетін еркін нысандағы ілеспе хаттың негізінде АҚҚАБ қызметкері жүргізеді.

44. Қару-жарақ заттарының қозғалысы туралы (қабылдау, иесіне қайтару, АТҚЖ қоймасына, ЖКБ(б) мұражайларына, қару сататын мамандандырылған дүкенге беру) ақпаратты АҚҚАБ қызметкері осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, табылған қаруларды, оқ-дәрілерді және жарылғыш материалдарды есепке алу журналына енгізеді, бір тәулік ішінде ІІО-да тіркелмеген қару бойынша ААО-на БДБ-ға тиісті түзетулер енгізу үшін қарулардың қозғалысы туралы ақпаратты қамтитын баянат жолдайды.

45. ЖКБ анықтамалық коллекцияларын құру, толықтыру, алмастыру, Қазақстан Республикасы ІІМ, ПД, КПД мұражайларында экспонаттау үшін беру тек АТҚЖ қоймасынан осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ТҚБ-ның бастығы қол қоятын, шығыс хат-хабарлар журналына тіркелетін және ПД, КПД елтаңбалық мөрімен бекітілетін қаруды беруге арналған жолдаманың негізінде ПД ТҚБ қызметкерлері жүргізеді.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 06.02.2020 № 91 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Қару-жарақ заттарының қозғалысы (ЖКБ анықтамалық коллекцияларын құру, толықтыру, алмастыру Қазақстан Республикасы ІІМ, ПД, КПД мұражайларында экспонаттау үшін беру) туралы ақпаратты қойма меңгерушісі осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша АТҚЖ қоймасына келіп түскен алып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, табылған қаруды және оқ-дәрілерді есепке алу журналына енгізеді, бір тәулік ішінде ІІО-да тіркелмеген қару бойынша ақпараттандыру және байланыс бөлімшелеріне БДБ-ға тиісті түзетулер енгізу үшін қарудың қозғалысы туралы ақпаратты қамтитын баянат жолданады, бір тәулік ішінде ІІО-да тіркелген қару бойынша АҚҚАБ қызметкеріне БДБ-ға тиісті түзетулер енгізу үшін қарудың қозғалысы

туралы ақпаратты қамтитын баянат жолданады.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 06.02.2020 № 91 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдеме болып табылатын қаруды экспонаттау, сондай-ақ эксперименттік ату үшін келіп түскен қарулар мен оқ-дәрілердің есебінен ЖКБ(б)-нің анықтамалық коллекциясын толықтыруға жол берілмейді.

48. Алып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған атыс қаруы жедел-криминалистикалық бөліністердің анықтамалық коллекцияларын құру, толықтыру, ауыстыру Қазақстан Республикасы ІІМ, ПД, КПД мұражайларында экспонаттауға қою үшін тек ПД, КПД АТҚ қоймаларынан Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің, ПД, КПД бастығының жазбаша нұсқауымен беріледі.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 06.02.2020 № 91 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. АТҚЖ қоймасынан ЖКБ(б)-ге, Қазақстан Республикасы ІІМ, ІІД, КІІД мұражайларына экспонаттау үшін берілген қару мен оқ-дәрілерді осы бөлімшелер кіріске алады.

Қойма меңгерушісі АТҚЖ қоймасына келіп түскен алып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған атыс қаруын және оқ-дәрілерді, жарылғыш материалдарды есепке алу кітабында ол туралы тиісті жазба жүргізеді.

50. ІІМ, ПД, КПД мұражайларына экспонаттау үшін берілетін қаруды қару-жарақ қызметінің қызметкерлері атуға жарамсыз күйге келтіреді:

1) ұңғының оқталатын бөлігінің төменгі жағынан (Шпагин-41 тапанша-пулеметінде – жоғарғы жағынан) сегментті ойық жасалады, сондай-ақ ұңғының басына оқжатарына қарай ені 4 мм, Калашников автоматы мен Калашниковтың қол пулеметінде ұзындығы – 48 мм, Симоновтың тез атқыш карабинінде – 38 мм, Шпагин-41 тапанша-пулеметінде – 51 мм, Дегтяревтің қол пулеметінде – 48 мм, Дегтярев пулеметі мен Дегтяревтің жетілдірілген пулеметінде – 65 мм, Драгуновтың мергендік винтовкасында – 60 мм, Калашников пулеметінде – 52 мм, 1938-1944 жылдар үлгісіндегі карабиндерде – 57 мм тесілген ойық жасалады.

2) шаппасы арамен кесіледі (қарудың барлық түрінде) соқыш, (Калашников автоматында, Калашниковтың жетілдірілген автоматында және Симоновтың тез атқыш карабинінде) шүріппесі немесе (Дегтяеревтің қол пулеметінде) соққы орнындағы бекіткіш раманың тіреуі кесіледі;

3) оқу қаруына жауынгерлік қарудың ұңғысын салуға кедергі жасайтын ұңғы қорабына (Шпагин-41 тапанша-пулеметінде, Дегтярев пулеметі мен Дегтяревтің жетілдірілген пулеметінде, Калашников пулеметінде) ұңғыны шектегіш салынады;

4) ұңғы қорабының ішінен шығып тұратын ұңғының шектегішіне енгізу үшін ( Шпагин-41 тапанша-пулеметінде, Дегтярев пулеметі мен Дегтяревтің жетілдірілген пулеметінде, Калашников пулеметінде) ұңғының оқталатын бөлігіне тесік жасалады;

5) ұңғының алдыңғы бөлігінің жоғарғы жағына және ұңғы қорабының қақпағына ұзына бойы тесілген ойық жасалады;

6) соққылау-басу тетігі алып тасталады.

Қазақстан Республикасы ІІМ Тыл департаментінің қызметкерлері тілдік қамтамасыз ету қызметінің жұмысын тексеру жөніндегі қызметтік іссапар кезінде міндетті түрде комиссияның және АТҚЖ қоймалары меңгерушілерінің қызметтеріне осы Қағидалар талаптарының сақталуы мәніне тексеру жүргізеді.

Ескерту. 50-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 06.02.2020 № 91 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Материалдар бойынша өндірісті орындаушы қызметкер бір тәулік ішінде материалдарды алып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған тіркелмеген ойық қаруды эксперименттік оқ ату және Қазақстан Республикасы ІІМ-нің криминалистикалық оқ-гильза қоймасы бойынша тексеру үшін ЖКБ-ға жолдайды.

52. Қару-жарақ заттарын ішкі істер органдарынан АТҚЖ қоймасына дейін тасымалдауды барлық жүру жолдарында қару-жарақ заттарын тапсырушы аумақтық ішкі істер бөлімшесінің бастығы тағайындаған қарулы күзеттің ілесіп жүруімен мамандандырылған автокөлікте ІІО-ның қызметкерлері жүргізеді.

53. ІІО-ның қызметкерлеріне, басқа тұлғаларға, ұйымдарға, мекемелерге алып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған қарулардың арасынан атыс қаруы мен оқ-дәрілерді, жарылғыш материалдарды, суық қаруларды пайдалануға, оларды ауыстыруға және жауынгерлік атыс қол қаруының орнына пайдалануға жол берілмейді.

54. АҚҚАБ қызметкерлері "Ішкі істер органдарының әкімшілік полиция бөліністеріндегі ведомстволық статистикалық есептілікті бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2013 жылғы 27 желтоқсандағы № 751 бұйрығымен бекітілген нысандар бойынша қабылданған және тапсырылған қару-жарақ заттары бойынша есеп береді.

55. Қазақстан Республикасы ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің қызметкерлері әкімшілік полицияның қызметін тексеру бойынша қызметтік іссапарлары кезінде АҚҚА бөлімшелерінің қызметін осы Қағидалардың талаптарының сақталуы мәніне тексереді.

56. Барлық қару-жарақ заттары ішкі істер органдары АТҚЖ мүлкі қоймасына сақтауға берілуі тиісті.

57. Қару-жарақ заттарын қабылдауды аптасына үш рет дүйсенбі, сәрсенбі және бейсенбі күндері сағат он төрттен он сегізге дейін комиссия құрамы жүзеге асырады.

58. Қаруды және оқ-дәрілерді ПД ТҚЕБ(б)-ға тапсыру үшін қару мен оқ-дәрілерді

тапсырушы аумақтық ішкі істер бөлінісінің бастығы қол қойған хаты жолданады.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 06.02.2020 № 91 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59. Ойық қаруды тапсырған жағдайда хатқа Қазақстан Республикасы ІІМ Криминалистік оқ-гильза қоймасынан оқтар мен гильзалардағы бөлшектердің іздерін және қару тетіктерін жиынтық бойынша тексергені туралы анықтама немесе қарудан оқ атылғаны туралы анықтама (ІІО-да тіркелген ойық қару үшін) қоса беріледі.

60. ПД ТҚЕБ(б)-ға екі жұмыс күні ішінде қару-жарақ заттарын қабылдауға келісу немесе қабылдаудан бас тарту туралы жауап жолдайды (бас тартқан жағдайда дәлелді түсіндірме қоса беріледі).

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 06.02.2020 № 91 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61. Қару мен оқ-дәрілерді тапсырушы аумақтық ішкі істер бөлінісінің бастығы оң жауап алғаннан кейін АТҚЖ қоймасына тапсыруға жауапты тұлғаны тағайындайды.

62. Одан әрі пайдалануға жарамсыз қызметтік қару мен оның патрондарын одан әрі жою үшін заңды тұлғалардан қару мен оқ-дәрілерді қабылдау аумақтығы бойынша АҚҚА бөлімшелеріне хабарлағаннан кейін ПД, КПД бастығының немесе оның орынбасарының рұқсатымен осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оларды беру туралы жазбаша қолдаухат бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 62-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 06.02.2020 № 91 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

63. Одан әрі пайдалануға жарамды қызметтік қару мен оның патрондарын уақытша сақтау үшін заңды тұлғалардан қабылдау аумақтығы бойынша АҚҚА бөлімшелеріне хабарлағаннан кейін ПД, КПД бастығының немесе оның орынбасарының рұқсатымен осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша олардың жазбаша қолдаухаты бойынша жүзеге асырылады. Қолдаухатта егер қарудың иесі қолдаухатта көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін дәлелсіз себептермен (науқастығына, ұзақ іссапар) ІІО-ға қаруды қайтару туралы өтініш жасамаған жағдайда тапсырылған қару өтеусіз мемлекеттің меншігіне өтеді.

Ескерту. 63-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 06.02.2020 № 91 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

64. Кәсіпорындардан, ұйымдардар мен мекемелерден қару қоймаға ҚҚАБ қызметкерінің қатысуымен қабылданады.

Қарудың пайдалануға жарамдылығын қару мен оқ-дәрілерді тапсырушы ұйым өкілінің міндетті түрде қатысумен қаруды олардың атуға жарамдылығын және

ақаусыздығын анықтау жөніндегі криминалистикалық зерттеу қорытындысының негізінде ІІО-ның техникалық комиссиясы айқындайды.

65. Тіркелген азаматтық қаруды уақытша сақтауға қабылдауды, осы Қағидаларға 15 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаруды, оқ-дәрілерді беру туралы толтырылған өтініштің негізінде одан әрі АТҚЖ қоймасына бере отырып, АҚҚАБ қызметкері жүзеге асырады. Егер қарудың иесі өтініште көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін дәлелсіз себептермен (ауру, ұзақ іссапар) ІІО-ға қаруды қайтару туралы өтініш жасамаған жағдайда, қаруды қабылдау туралы өтініште сақтау мерзімі, тапсырылған қарудың мемлекеттің меншігіне өтеусіз өтетіні туралы ескертпемен бірге көрсетіледі.

66. АҚҚАБ қызметкері БДБ-нің "Тіркелген қару" есебіне қаруды АТҚЖ қоймасына тапсыру туралы тиісті түзетулер енгізеді, рұқсаттың жарамдылық мерзімі өтініште ( қолдаухатта) көрсетілген сақтау мерзіміне өзгертіледі.

67. Қару иесіне қайтарылғаннан кейін рұқсаттың бұрынғы жарамдылық мерзімі белгіленеді.

68. Өтініште (қолдаухатта) көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін АҚҚАБ қызметкері қарудың иесін, сондай-ақ азаматтық немесе қызметтік қару иесінің ІІО-ға оны қайтару туралы өтініш бермеу себептерін анықтауға шаралар қабылдайды.

69. АҚҚАБ қызметкері азаматтық немесе қызметтік қарудың иесі анықталмаған жағдайда, иесіз деп танылуға тиісті қарудың моделін, маркасын көрсете отырып, қаруды иесіз деп тану туралы өтінішті сотқа жолдайды, оның негізгі айрықша белгілері сипатталады, сондай-ақ меншік иесінің қаруға меншік құқығын сақтау талабынсыз қалдырып кеткенін дәлелдейтін дәлелдемелер мен арызданушының затты иемденуге кіріскенін (өтініш немесе қолдаухат) растайтын дәлелдемелер келтіріледі.

70. Сот иесіз деп танылғаннан кейін қару мемлекет меншігіне өткізіледі.

Қаруды иесіз деп тану туралы өтініш иелері анықталмаған, бұрын уақытша сақтауға ерікті түрде тапсырылған қаруға да беріледі.

71. Бақылау атудан және Қазақстан Республикасы ІІМ-нің криминалистік оқ-гильза қоймасы бойынша тексеруден өтпеген, тіркелмеген алып қойылған, ерікті түрде тапсырылған және тауып алынған ойық қару, сондай-ақ сәйкестендіру нөмірі жоқ қаруды АТҚ мүлкі қоймасына қабылдауға жол берілмейді.

72. Жарамсыздығына немесе ақаулығына байланысты бақылау ату мүмкін болмаған кезде ойық қару Қазақстан Республикасы ІІМ-нің криминалистік оқ-гильза қоймасына жолданады.

73. ІІО-да тіркелген ойық қаруды қоймаға қабылдау кезінде Қазақстан Республикасы ІІМ-нің криминалистік оқ-гильза қоймасынан анықтама талап етілмейді.

74. Қазақстан Республикасы ІІМ "Оңтүстік базасы" қоймасына, ІІД, КІІД АТҚЖ мүлкі қоймасына қабылданған барлық қару-жарақ заттарына осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаруды, оқ-дәрілерді қабылдау актісі екі данада жасалады, оның әрбір парағына комиссия мүшелері, қойма меңгерушісі мен

тапсырушы қызметкер қолдарын қояды.

Актінің бірінші данасы қару-жарақ қызметінде қалады және қару мен оқ-дәрілерді қоймаға кіріске алу үшін негіз болып табылады, екінші данасы тапсырушыда қалады және қаруды АТҚ қоймасына жайғастыру туралы БДБ-ге түзету енгізу үшін негіз болып табылады.

Актіні толтыру кезінде түзетулерге, өшірулерге жол берілмейді.

75. Алып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, сондай-ақ тәркіленген қару мен оқ-дәрілер (Қазақстан Республикасы ІІМ криминалистикалық оқ-гильза қоймасы бойынша тексеру нәтижелері алынбаған ойық қарудан, сондай-ақ уақытша сақтауға берілген қарудан басқа) кәдеге жаратуға не құқық қорғау органдарының балансына беруге жатады.

76. Қойма меңгерушісі осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қабылданған, сақтауда тұрған және кәдеге жаратылған қару-жарақ заттары туралы ай сайын есеп дайындайды.

77. ПД, КПД-нің Қару-жарақ қызметі қабылданған, сақтауда тұрған және кәдеге жаратылған қару-жарақ заттары туралы Қазақстан Республикасы ІІМ-нің Тыл департаментіне ай сайын есеп жолдайды.

Ескерту. 77-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 06.02.2020 № 91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

78. Қазақстан Республикасы ІІМ "Оңтүстік базасының", АТҚЖ қоймасына тапсыруға жататын қару, оқ-дәрілер тасымалдаған кезде олардың сақталуына кепілдендік беретін арнайы ыдысқа орап салынады.

79. Қару-жарақ заттарын ішкі істер органынан "Оңтүстік" әскери және арнайы жабдықтау базасы" мемлекеттік мекемесінің қоймасына дейін кәдеге жарату үшін тасымалдауды ПД, КПД ТҚЕБ, ТҚб бөлімшелерінің қызметкерлері мамандандырылған автокөліктегі қарулы күзеттің және патрульдік автокөліктегі патрульдік полициясы экипажының ілесіп жүруімен жүзеге асырады.

Ескерту. 79-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 06.02.2020 № 91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 3-тарау. Алып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған қару мен оқ-дәрілерді ішкі істер органдарында есепке алу тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 06.02.2020 № 91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

80. Есеп ішкі істер органдарындағы қарудың, оқ-дәрілер мен жарылғыш

материалдардың түгелдігіне сәйкес келуі тиіс.

81. Қабылданған қару мен оқ-дәрілерге, жарылғыш материалдарға берілген түбіртектер, есепке алу, қабылдау кітаптары есепке алу құжаттары болып табылады.

82. Қару мен оқ-дәрілерді, жарылғыш материалдарды қабылдауға түбіртек кітапшаларының бланкілері ІІО-ның кезекші бөлімдеріндегі қатаң есептілік құжаттарын сақтау үшін белгіленген тәртіпте есепке алынады және сақталады.

83. Түбіртек кітапшасы ішкі істер органдарының кеңсесінде (хатшылығында) тіркеледі және АҚҚАБ қызметкеріне қолхатпен беріледі. Түбіртектердің бүлінген бланкілері айқастырылып сызылады, түбіртек кітапшасында қалдырылады және тексеру кезінде көрсетіледі.

84. Барлық қару-жарақ заттарына қарудың нөмірі, келіп түскен датасы, оны тапсырған қызмет және тапсырушының тегі, аты, (болған жағдайда) әкесінің аты туралы ақпарат қамтылған бирка бекітіледі.

85. Барлық есепке алу құжаттары кеңседегі (хатшылық) кіріс және шығыс құжаттары журналдарында тіркеледі. Кітаптар мен журналдар белгіленген тәртіпте нөмірленеді, бау тағылады, мөрмен бекітіледі.

86. Барлық тіркелмеген қару БДБ "Криминалдық қару" есебіне қойлуы тиіс.

87. Жою үшін АТҚЖ қоймасына берілген қару міндетті түрде БДБ-ға қабылдау актісінің нөмірін көрсете отырып, БДБ "Криминалдық қару" және "Тіркелген қару" есептерінен алынады. "Криминалдық қару" есебінен алу туралы баянатты АТҚЖ қоймасына қаруды жою үшін тапсырған қызметкер жолдайды.

АТҚ қоймасына уақытша сақтау үшін берілген қару БДБ есебінен алынбайды.

88. Кемінде тоқсанына бір рет ААО-ның қызметкерлері мүдделі қызметтермен бірлесіп БДБ "Криминалдық қару" және "Тіркелген қару" есептері бойынша АТҚЖ қоймаларындағы және ІІО-ның қару-жарақ бөлмелеріндегі қарудың нақты бар-жоғына салыстыра тексерулер жүргізеді.

Салыстыра-тексеру қорытындысы бойынша осы Қағидаларға 18, 19, 20 және 21-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша БДБ "Криминалдық қару" және "Тіркелген қару" есептерінің АТҚЖ қоймаларындағы және ІІО-ның қару-жарақ бөлмелеріндегі қарудың нақты бар-жоғына салыстыра тексеру актілері толтырылады, оған ААО қызметкері, АТҚЖ қоймасының меңгерушісі немесе АҚҚАБ қызметкері қолдарын қояды.

## 4-тарау. Алып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған қаруды және оқ-дәрілерді, жарылғыш материалдарды сақтау

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 06.02.2020 № 91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

89. ҚАЖІІО-да қару-жарақ заттарын сақтау, қаруды, оқ-дәрілерді сақтауға арналған

бөлмелердегі АҚҚАБ қызметкерінің жеке мөрімен мөріленетін арнайы мақсаттағы металл шкафта жүзеге асырылады.

90. Қару-жарақ заттарын металл шкафтан тыс, АҚҚАБ және өзге қызметтердің қызметкерлерінің қызметтік бөлмесінде сақтауға жол берілмейді.

91. АТҚЖ қоймаларында қару-жарақ заттарын сақтау металл стеллаждарда жүзеге асырылады.

92. Алып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған атыс қаруы мен оқ-дәрілер қойманың бөлек бөлмесінде не осы мақсатта бөлінген орында, негізгі қоймадан металл тормен немесе тор шарбақпен бөлінген металл шкафтарда немесе стелаждарда сақталуы тиіс.

93. Сараптама өткізілгеннен кейін жарылғыш материалдарды сақтау тек Қазақстан Республикасы ІІМ, әскери бөлімдердің немесе тиісті мемлекеттік кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың қоймаларында арнайы жабдықталған үй-жайларда жүргізіледі.

94. ҚАЖІІО-да металл шкафтарда тұрған қару-жарақ заттарының сақталуын қамтамасыз ету міндеттері АҚҚАБ қызметкерлеріне жүктеледі.

95. Металл шкафтың сақталуын, жабу құралдарының және мөрдің бүтіндігін қамтамасыз ету міндеттері ІІО-ның жедел кезекшісіне жүктеледі.

96. АТҚЖ қоймасына тапсырылған әкімшілік және азаматтық істер бойынша алып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған қарулардың, оқ-дәрілердің және жарылғыш материалдардың сақталуын қамтамасыз ету міндеттері АТҚ қоймасының меңгерушісіне жүктеледі.

97. Ішкі істер органдарында алып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған атыс қаруларының, оқ-дәрілердің, жарылғыш материалдардың мүлтіксіз сақталуын тексерулер жүйелі түрде іс-шаралар жоспарына сәйкес кенеттен немесе орындардағы нақты дабылдар бойынша жүргізіледі.

98. Алып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған қаруларды, оқ-дәрілерді, жарылғыш материалдарды ІІО-да, АТҚЖ қоймаларына қабылдау, сақтау, есепке алу тәртібін тексереді:

1) қалалық, аудандық, желілік полиция бөліністерінің бастықтары өз бөлімшелерінде – айына кемінде бір рет;

2) Қазақстан Республикасы ПД, КПД тұрақты жұмыс істейтін комиссияның мүшелері – тоқсанына кемінде бір емес, сондай-ақ қарудың, оқ-дәрілердің жетпей қалуына, артық шығуына, ұрлануына байланысты төтенше оқиғалар фактілері бойынша;

3) Қазақстан Республикасы ІІМ қызметкерлері – ПД, КПД-нің кешенді, инспекторлық, бақылау тексерістері кезінде, сондай-ақ қарудың және оқ-дәрілердің жетпей қалуына, артық шығуына, ұрлануына байланысты төтенше оқиғалар фактілері бойынша жүргізеді;

